Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының Білім беруді дамыту орталығы

«XIY-XIX ғғ Қазақстан аумағындағы әлеуметтік – экономикалық, саяси процестер»

(факультатив курсы)

Орал

2023-2024 оқу жылы

Облыс көлемінде таратуға ұсынылды Хаттама №

Құрастырған: А. Б. Жексенов - Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей интернатының тарих пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Рецензенттер:

А. С. Байбулсинова - М Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

А. С. Әлмұқан- С Сейфуллин атындағы №11 облыстық дарынды балалрға араналған мамандандырылған мектеп-интернат-лицей кешенінің жоғары санатты тарих пәнінің мұғалімі.

Үйірме бағдарламасы мектептердің тарихшы мұғалімдері мен 10-11 сынып оқушыларына арналған. Бұл оқу әдістемелік құралда «Қазақ халқының қалыптасуы», «Қазақ хандары», «XV-XVIIғасырлардағы қазақ мәдениеті», « XVIII ғасырдағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы» тақырыптары қамтылып, мектеп бітіруші түлектер дайындығына пайдалану үшін ұсынылады. Бағдарлама оқушыларды өз бетінше зерттеу жұмысына қатыстыра отырып, бұрын меңгерген дағдылар мен іскерлік, шеберліктерін одан әрі жетілдіре түсуге негізделген.

Факультатив бағдарламасы тарихшы мұғалімдерге әдістемелік көмек ретінде ұсынылып отыр.

Мазмұны

1. Түсінік хат..... 3 бет
2. Оқу бағдарламасының мазмұны мен құрылымы .....6 бет
3. Кіріспе.....8 бет
4. Оқу бағдарламасының күнтізбелік – тақырыптық жоспары...9-10 бет
5. Қысқа мерзімді жоспарлар.....11-74 бет
6. Пайдаланылған әдебиеттер.....75 бет

Түсінік хат

XXI ғасыр – қатаң бәсеке ғасыры. Бұл ғасыр- марғаулықты, жалқаулықты көтермейтін ғасыр. XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының басты тетігі білім болатынын мойындау, ғасырлар тоғысында халықаралық деңгейде білімді дамытудың бағыттарын көтеру арқылы дәлелденуде. Қай салада болсын көз алдымызда түбегейлі өзерістер жүріп жатыр. Осындай жағдайда бәсекеге бейімделген белсенділік пен шығармашылық бастамалар таныту қажеттілігі туындайды. Мұның ішінде барлық құндылықтарымыздың басын біріктіретін білім мен ғылым да бар. Егер бүгінгі таңда айналамызда үздіксіз жүріп жатқан өзгерістер әлемдік білім беру кеңістігіне де тікелей әсер етіп жатқанын ескерсек, Ұлттық бірыңғай тестілеу XXI ғасыр басындағы отандық білім жүйесіндегі алғашқы жаңалықтың бірі болды.

Курстың мақсаты:

Бұл курс дайындық жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында жасалған. Курста қазақ халқының қалыптасу процесінен бастап Қазақстанның Ресей империясына қосылуының аяқтауы аралығындағы аса күрделі, қайшылығы мол процестерін оқушы дұрыс қабылдап, ой елегінен өткізуіне көмекші құрал болып табылады.

Біріншіден, жоғары сынып оқушыларының білім сапасы көңіл көншіте бермейді. Оған ықпал етуші негізгі факторлардың бірі оқушының әр сыныптағы жіберіп алған сабақтары кесірінен жинақталған олқылықтар. Мұнын орнын толықтыру үшін оқушы қайта парақтап шыққаны абзал.

Екіншіден, орта білім курсының кезең бойынша қазақстан тарихы пәні материалының ең қажеттісі мен негізгісін сығымдап беріліп отыр.

Үшіншіден, нақты тақырыптарға қатысты өзгерістер мен қосымша жаңа ақпараттар пайда болған жағдайда оқушы теориялық материалды пайдалана алады.

Курстың басты мақсаты — алған білімінің, кәсіби дағдыларының негізінде өмірдің өзгермелі жағдайларына еркін бағдарлай алатын, білім арқылы өз мүмкіндіктерін іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және адамгершілік тұрғыда өз бетінше дұрыс, жауапты шешім қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыру. Бағдарламада оқыту, білім кезінде пайдаланатын, айырылымды негіздермен дифференциалды көмек беру қарастырылған. Оқушылардың білім деңгейін бағалау жүйелі тексеру түрінде орындалуы қажет. . Бағдарламада оқу материалын қосымша әдебиеттерді пайдалану арқылы оқыту, қазіргі кездегі ғылым жаңалықтарымен толықтыру көзделді.

Бағдарламаның мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы білім беру стандартына сай дайындалған. Барлығы 36 сағатқа (аптасына 1 рет) негізделіп жасалынған.

Курс бағдарламасының міндеттері:

- ✓ Қазақстан қоғамының даму заңдылықтарын және оның саяси жүйесін оқыту негізінде оқушылардың саяси сауатты, өз Отанын сүйетін азамат болып өсуіне көмектесу;
- ✓ XIY-XIX ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы әлеуметтік – экономикалық, саяси процестерді түсіндіру;
- ✓ ұлт-азаттық қозғалыс- бұл ұлттық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, діни, рухани қайшылықтардың түйіні екенін ажыратуға үйрету.
- ✓ Пәннің тақырыптық мазмұнын терең ұғына отырып, демократиялық құндылықтарын арттыру,
- ✓ отандық тарихты құрметтеуге қажетті білім мен білікті меңгерту.
- ✓ оқу еңбегіне қатысты білік пен дағдыны қалыптастыру, логикалық ойлауды, есте сақтау, суреттеу, сипаттау және үнемі өз білімін шығармашылықпен көтеру.
- ✓ Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, жеке тұлғаны білімділікке және ізденімпаздыққа, тапқырлыққа ынталандырып болашақ мамандығына дұрыс бағдар беру, ой-өрісін кеңейту;
- ✓ Сұрақтарға нақты жүйелі түрде жазбаша жауап бере білуі және қорытынды жасай білуі қажет. Тарихи оқиғалар бойынша айтылатын түрлі көзқарастарды салыстырып, өздігінше тұжырым жасауға, өз пікірін дәлелдеуге үйрету;
- ✓ Оқушы бойында жақсы қасиеттерді дамытып, жеке тұлға ретінде қалыптастыру.

Мамандыққа бағдарлау: педагогика, социология, экономика, саясаттану, археология.

Пән аралық байланыс: дүниежүзі тарихы, география, экономка, құқық

Күтілетін нәтиже:

- ✓ Қазақстан тарихы пәні бойынша оқушы білімін қосымша деректермен және тың тарихи мәліметтермен толықтырылады;
- ✓ пән мазмұны тарихи дерек көздерінен алынатын релевантты ақпараттармен тереңдетіледі, оқушы тарихты оқып-зерттеудің ауқымын терең және саналы түрде түсіне біледі;
- ✓ -оқушылардың мотивациясын арттыру мақсатында оқытуды ұйымдастырудың түрлі формалары: дебат, жоба қорғау, зерттеу сабағы, сынақ сабақтары жүргізіледі;
- ✓ -пән бойынша дарынды және талантты оқушылар анықталады және түрлі шығармашылық сайыстарға қатыстыру арқылы дамуына қолдау жасалады;
- ✓ оқушылардың білімдік перспективаларына сәйкес олимпиадалар немесе басқа да пәндік емтихандарға дайындалады;
- ✓ -практикалық жұмыстар негізінде - оқушы өзінің мүмкіндік деңгейінде жұмыс істейді, білімі мен іскерлігі жөнінен ілгерілей түседі;

- ✓ -оқушылар арасында өзара көмек пен ынтымақтастық және бір-біріне ізгілікпен қарауы, өзін-өзі бағалауы дамиды;
- ✓ өз бетімен іздену, зерттеу, танымдық тапсырмаларды орындау арқылы оқушының жауапкершілігі мен ерік-жігері қалыптасып, дамиды;
- ✓ -алған теориялық білімдерін практикада қолданады.
- ✓ тарихи үдерістерді дербес талдай білуді, тарихи фактілер, құбылыстар мен тұлғаларға дербес көзқарас білдіру бейімін және тақырыптық негізде түйінді тұжырымдарды жасай білуі уйренеді.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: топтық жұмыс, жеке тұлғаға бағытталған жұмыс, кіріктірілген сабақ, деңгейлік тапсырмалар беру, дебат технологиясының элементтерін қолдану, жекелей жұмыс, шығармашылық ізденіс, дәріс, сұрақ жауап, тарихи диктант; тарихи сынақ хат; сайыс; қажетті материалдар жинастыру; реферат қорғау; дөңгелек үстел ұйымдастыру; қала мұражайларымен байланыс орнату, экскурция т.б. Бағдарламада оқыту, білім кезінде пайдаланылатын, айырылымды негіздермен дифференциалды көмек беру қарастырылған. Оқушылардың білім деңгейін тексеру, жүйелі тексеру түрінде орындалуы қажет.

Оқу пәнінің мазмұны мен құрылымы

(барлығы 36 сағат, аптасына 1 сағат)

Кіріспе – (1 сағат)

Тарих –мектептегі оқу пәні ретінде негізгі білім беретін барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық курстардың негізін құраушы.Жаңа замандағы Қазақстан тарихы курсының пәні мақсаты мен міндеттері. Оқытудың дүниетанымдық негізін қалыптастырушы. Оқушылардың дүниетанымында жаңа заман тарихы оқиғаларын тарихи тұрғыдан игеруін қамтамасыз ете отырып, ҰБТ-ге дайындау маңыздылығын ұғындыру.

I бөлім. Қазақ халқының қалыптасуы-(4 сағат)

Ежелгі заманғы туыстық белгілер, ортағасырлардағы этикалық өзгерістер, қазақ атауының шығуы, қазақ хандығы құрылуы, қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайы. Қорытынды-(1сағат)

II бөлім. Қазақ хандары – (5 сағат)

Қасым хан. Хақназар хан.Тәуекел хан, Есім хан. Тәуке хан. Қорытынды-(1сағат)

III бөлім. XV-XVII ғасырлардағы қазақ мәдениеті – (6 сағат)

Ақын-жыраулар.Тарихи шығармалар (Тарихи Рашиди, Шежірелер жинағы, Шыңғыснама) Қазақ хандығының қоғамдық-саяси құрылысы. Қазақ хандығының материалдық мәдениеті. Қорытынды-(1сағат)

IV бөлім. IV бөлім. XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы – (20 сағат)

Қазақ-жоңғар қарым-қатынасы. Кіші жүздің Ресей империясына қосылуы.Әскери шептердің салынуы.Қазақ-орыс сауда байланыстары.Патшалы Ресейдің жер мәселесіндегі отаршылдық саясаты.Абылай хан кезіндегі қазақ хандығы. Кіші жүз және Орта жүз қазақтарының шаруалар соғысына қатысуы. Сырым Датұлы бастаған көтеріліс. Қазақстанда хандық биліктің жойылуы

1812 жылғы Отан соғысына қазақтардың қатысуы. Ішкі Ордадағы көтеріліс. К.Қасымұлы көтерілісі. 1850 жылдардағы қазақ шаруаларының күресі. Қазақстанға саяси жер аударылғандар

XIX ғасырдағы сауда байланыстары. Верный бекінісі. Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы

Қорытынды-(1сағат)

Кіріспе

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау жаңартылған білім мазмұны бойынша негізігі орта білім беру деңгейінің 10 -11 сыныптарына арналған Қазақстан тарихы пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Білім алушылардың білімі, білігі, сондай-ақ дағдылары анықталады. Осы курста оқушылар патриотизм және бәсекеге қабілетті жас ұрпақ ретінде тәрбиеленеді. 2019 жылдан бері қорытынды аттестаттаудың форматы өзгерді. Сол себепті жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы үлгілік ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Ол үшін, әрине, мұғалімнің дайындығы мен материалдық қоры болуы керек. Осы мақсатта – 10-11 сынып оқушыларына арналған «XIV-XIX ғасырлардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайы» тақырыбындағы факультативтік курс ұсынылып отыр.

Әдістемелік құрал оқушылардың дағдысын арттырып, өткен тақырыптар бойынша қазақ халқының қалыптасуы мен хандығының құрылуы, XVI -XVII ғасырлардағы қазақ елін басқарған хандар, XVIII ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайын, XIX ғасырдың I жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік -экономикалық жағдайымен, Қазақстан -Ресей империясының отары болған жылдардағы саяси ахуалмен қамтылып жасалған. Берілген тақырыптар білім алушылардың теориялық білімдерін кеңейтеді, тарихи оқиғаларға байланысты өз көзқарастарын, қорытынды жасай білу дағдыларын қалыптастырады, оқылған тақырыптар аясында мәліметтерді пысықтайды. Мазмұны оқушы меңгеруге тиісті тарихи материалдарды қамтиды.

Жалпы факультатив курсын жүргізу барысында жеке тұлғаның жан-жақты дамуына және қалыптасуына бағытталған оқу үрдісі ретінде оқушының өзіндік білім алу кеңістігінің мүмкіндігін арттыратын, орта және жоғарғы оқу орындарына дайындайтын, барлық оқушылардың білім алуларына тең жағдайларды және олардың әлеуметтену мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін мақсаттары көздейді. Қазіргі Қазақстан Республикасының 30 дамыған мемлекеттің қатарынан көрінетін, тарихы терең, мәдениеті жоғары, білімді ұрпаққа арналған.

Ұсынылып отырған факультатив бағдарламасы білім алушылардың кең байтақ жердің лайықты мұрагерлері болуға ұмтылысын арттыру мақсатын көздейді және бәсекеге қабілетті мамандарды ғана емес, сонымен қатар ізгілікті, үйлесімді қоғам құруға өз үлесін қосатын саналы азаматтардың қалыптасуына ықпал етеді.

Оқушы оқылған тақырыптар аясында

- Белгілі бір тақырыптарын, мән сипаттарын анықтап, мазмұнын түсінуі;
- Оқиғалардың себеп салдарымен мақсатын, барысын, нәтижесін айқындауы;
- Өзектілігн анықтай отырып, дереккөздерден қажетті ақпараттарды алуы;

«XIY-XIX ғғ Қазақстан аумағындағы әлеуметтік – экономикалық, саяси процестер» (Қазақстан тарихы бойынша)

Бағдарламаның тақырыптық жоспары. Аптасына-1 сағат барлығы-36 сағат

Құрастырған:

№	Бөлім,сабақ тақырыбы	Сағат саны	Өтілетін мерзімі	Ескертпелер
1	Кіріспе	1		
I бөлім. Қазақ халқының қалыптасуы-4 сағат				
2	Қазақ халқы қалыптасуы	1		
3	Қазақ хандығының құрылуы	1		
4	Қазақ хандығы ішкі-сыртқы жағдайы	1		
5	Қорытынды	1		
II бөлім. Қазақ хандары – 5 сағат				
6	Қасым хан.	1		
7	Хақназар хан	1		
8	Тәуекел хан, Есім хан.	1		
9	Тәуке хан.	1		
10	Қорытынды	1		
III бөлім. XV-XVII ғасырлардағы қазақ мәдениеті – 6 сағат				
11	Ақын-жыраулар	1		
12	Тарихи шығармалар (Тарихи Рашиди, Шежірелер жинағы, Шыңғыснама)	1		
13	Көшпелілер шарушылығы мен тұрғын үйі	1		
14	Қазақ хандығының қоғамдық-саяси құрылысы	1		
15	Қазақ хандығының материалдық мәдениеті	1		
16	Қорытынды	1		
IV бөлім. XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы – 20 сағат				
17-18	Қазақ-жоңғар қарым-қатынасы	2		
19	Әскери шептердің салынуы	1		
20	Қазақ-орыс сауда байланыстары	1		
21	Патшалы Ресейдің жер мәселесіндегі	1		

	отаршылдық саясаты			
22	Абылай хан кезіндегі қазақ хандығы	1		
23	Кіші жүз және Орта жүз қазақтарының шаруалар соғысына қатысуы	1		
24-25	Сырым Датұлы бастаған көтеріліс	2		
26	Қазақстанда хандық биліктің жойылуы	1		
27	1812 жылғы Отан соғысына қазақтардың қатысуы	1		
28-29	Ішкі Ордадағы көтеріліс	2		
30	К.Қасымұлы көтерілісі	1		
31	1850 жылдардағы қазақ шаруаларының күресі	1		
32	Қазақстанға саяси жер аударылғандар	1		
33	XIX ғасырдағы сауда байланыстары	1		
34	Верный бекінісі	1		
35	Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы	1		
36	Қорытынды	1		

Қысқа мерзімді жоспар 2-сабақ

Күні:				
Сынып:	**Қатысушылар саны:**		**Қатыспағандар саны**	
Сабақтың тақырыбы	**Қазақ халқы қалыптасуы**			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Ежелгі және ортағасырлар тарихының оқиғалары арасында байланыс орнату арқылы қазақ халқы қалыптасуының негізгі кезеңдерін анықтау			
Бағалау критерийлері	Қазақ халқының қалыптасуы мен терминдердің шығу тегіне зерттеу жүргізеді.			
Тілдік мақсаттар	Кілттік сөздер: Қазақ, Алаш,Жүз,Халық			
Құндылықтарды дарыту	Ұлттың өткен тарихына құрметпен қарау, тұлғааралық қарым-қатынас			
Пәнаралық байланыстар	Қазақ әдебиеті			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	**(Ұ)**Бастапқы ынталандырушы материал **«Ой қозғау» .** Психологиялық көңіл күй қалыптастыру. «Сиқырлы сөздер» ойыны. Топқа бөлу. Қазақ, Алаш, Халық, Жүз «кескіндер» әдісімен бөлінеді. Қазақ халқының құрылуын жеделдеткен этникалық топтар мен басты оқиғалар сұралынады. Оқушылар сабақ тақырыбын, мақсатын анықтайды.	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу Оқушылар өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді	ҚБ «Мадақтау сэндвичі»	Тақырыптық суреттер
Жаңа сабақ	**Жаңа тақырып** «ДЖИГСО» әдісі бойынша мәтінмен жұмыс. 1 тапсырма. 1 топ. Қазақ халқының қалыптасуы. 2. топ. «Қазақ» атауының шығуы. 3 топ. 3. «Алаш» атауының шығуы. 4. топ. Жүздің пайда болуы. Топтық жұмыс уақыты бітті 3 шапалақ. Топтық жұмысты барлық топ мүшелері жариялайды. Қорытындылау: Бүгінгі тақырып бойынша кездескен тұлғаларды ата? Ол не істеді? Жылдарды ата?	Оқушылар ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды Әр топ өз топтарын таныстырып отырғанда, тақтадан дұрыс	**ҚБ** Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп	Ақпараттық мәтін Үлестірмелі қағаз

	Ол жылы қандай оқиға болды? Қазақ хандығы қалыптасуы алғы шарттары қандай мемлекеттерге байланысты? т.б. 2-тапсырма. Жеке жұмыс. Сөйлемді тиісті ұғымдармен толықтырып аяқтаңыз: (қалыптастырушы бағалау) 1. Қазақ халқының ата-бабалары _____ . 2. Казақ халқының ата-бабалары сақтардың тілі ____ , бет келбеті ____ , _____ тайпаларына ұқсас болған. 3. Кейін ____ нәсілге айнала бастаған. 4. Б.з.б. I мыңжылдықтың ортасынан бастап тілдес тайпалар мекендеген. 5. VI-XI ғғ. _____, _____ және ____ Түрік қағанаттары, ____ қағанаты және т.б. түрік мемлекеттері құрыла бастады. 6. XI – XII ғғ. Ертістен Еділге дейінгі жерді мекендеген түрік тайпалары өздерін _____ деп атаған. 7. XIII ғ. басында Дешті Қыпшақта басталған қазақ халқының қалыптасу процесін бұзған _____. 8. Қазақ халқының қалыптасу процесі _____ ғғ. аяқталды.	балама жауаптары бар слайдты шығарып отыру керек, бұл оқушыларға алдыңғы білімдерін естеріне түсіріп, қайта жаңғыртулары на көмектеседі. Тапсырманы орындап біткеннен кейін, бір-бірін бағалату үшін, дұрыс жауаптары бар бағалау парағын тарату немесе тақтадан көрсету	отырады «Ең үздік жауап» «Алақан-жұдырық **ҚБ** «Өзін-өзі бағалау»	дар Суреттер Тірек-сызбалар Кесте Карта ҚБ парағы
Қорытынды	1.Бүгінгі сабақтағы басты оқиға? 2.Не қызықты болды? 3.Бүгінгі сабақтан не үйрендіңіздер, қандай жаңалық алдыңыздар? (1-сұраққа бірнеше оқушы жауап бере алады)	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	А4, конспект

Қысқа мерзімді жоспар 3-сабақ

Күні:				
Сынып:	**Қатысушылар саны:**		**Қатыспағандар саны:**	
Сабақтың тақырыбы	**Қазақ хандығының құрылуы**			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Қазақ хандығының құрылуы, оның алғашқы аумағы мен алғашқы қазақ хандары туралы мәліметтермен оқушыларды жан-жақты таныстыру			
Сабақ мақсаты				
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	**(Ұ)**Бастапқы ынталандырушы материал **«Ой қозғау» .**Психологиялық көңіл күй қалыптастыру **Тақырыпқа байланысты қысқаша түсінік беру**	Оқушылар тыңдай біледі, тақырыпты әңгімелейді, өздері білетін қосымша мәліметтері мен бөліседі	Өзін-өзі бағалау	Тақырыптық суреттер
Жаңа сабақ	Диалогтық оқыту Мәтінді оқиды 2 тапсырма Кинометафора әдісі: Бейнероликті қарайды. Бейнеролик бойынша әр топқа жеке тапсырма беріледі. I Топ « Кластер» құру бейнероликтан көргендері мен оқулықтан алған білімдерін баяндайды Дескриптор: 1.Қазақ халқының қалыптасу жолындағы алғышартына кем дегенде 3 дәлел келтіреді 2.Керй мен Жәнібектің өз елінен кетудің себептерін анықтайды 3.Керей мен Жәнібекті Мағолстын ханы Есен бұғаның құшақ жая қарсы алуының 2 себебін көрсетеді II топ «Тікелей эфир» әдісі арқылы алған білімдерін бөліседі,	Оқушылар ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды Мәтінмен жұмыс Қазақстанның саяси картасымен жұмыс Кестемен жұмыс Тапсырманы орындап біткеннен кейін, бір-бірін	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады «Ең үздік **жауап»**	Ақпараттық мәтін Үлестірмелі қағаздар Суреттер Тірек-сызбалар

	көрсетеді. Дескриптор: 1. Керей мен Жәнібек сұлтандардың маңына жиналған адамдардың санын анықтайды 3.Мұхаммет Хайдар Дулатидің қазақ хандығының негізін салушы Керей мен Жәнібек дегенге 3 дәлел ұсынады 2.М.Х. Дулатидің хабары бойынша қазақ хандығының алғашқы мекені болған жерді анықтап, картадан көрсетеді. Ж. Сабақты бекіту. Сәйкестендір 1. Қазақ хандығы құрылған жыл — А. Қозыбасы 2. Көшпелі өзбек ханы — Ә. Шу мен Тала 3. Қазақ хандығының алғашқы кездігі құрылған аймағы — Б. 146[illegible] жылы 4. Әбілқайыр хан Сығанақ маңында ойраттардан жеңілді — В. Керей 5. Қазақ хандығының алғашқы ордасы — Г. 145[illegible] жылы 6. Моғолстан ханы — Ғ. Әбілқайыр 7. Қазақ хандығының алғашқы ханы — Д. Есен бұға **1_____ 2_____ 3_____ 4_____ 5_____ 6_____ 7_____**	бағалату үшін, дұрыс жауаптары бар бағалау парағын тарату немесе тақтадан көрсету Оқушылар берілген кестені жеке орындайды. дескриптор арқылы көршілерін бағалайды.	«Алақан-жұдырық +,-, балл бойынша анықталады	Кесте Карта ҚБ парағы А4, конспект

Қорытынды	Ұлы Дала мұрагері – Қазақ хандығы қалай қалыптасты? 3 сөйлеммен қорытындылау. Сөйлемді жалғастыр 1. Қазақ ханды Ұлы Дала елінің бастауы..... 2. Жәнібек пен Керей Ұлы Дала елінің географиялық аймағын анықтап берді..... 3. Біз мәңгілік ел ұрпақтары..... Бекіту. «Ашық микрафон»	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлеріменөз деңгейлерін бағалайды	

Қысқа мерзімді жоспар 4-сабақ

Күні:				
Сынып:	**Қатысушылар саны:**		**Қатыспағандар саны:**	
Сабақтың тақырыбы	Қазақ хандығы ішкі-сыртқы жағдайы			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау;			
Сабақ мақсаты				
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	Зейінді шоғырландыру «Жүректен-жүрекке» жаттығуы. Топқа бөлу. Топқа бөлу үшін оқушыларды санатамын. Яғни 1,2,3,4-топқа бөлінеді.			Тақырыптық суреттер
Жаңа сабақ	Топтық жұмыс. «Джигсо әдісі» қолдану. Топтарға оқулықтан 4 түрлі тапсырманы бөліп беремін. Ғаламтордан да қосымша мәліметтер іздеулеріне болады. 1-топ. Хандықты басқару ісі; 2-топ. Хандықтың ішкі жағдайы; 3-топ. Сыртқы саяси жағдайы; 4-топ. Қазақ ұлттық мемлекеті құрылуының тарихи маңызы.	Оқушылар ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды Мәтінмен жұмыс	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады «Ең үздік жауап»	Ақпараттық мәтін Үлестірмелі қағаздар Суреттер Тірек-

	«Кубизм» әдісі. 1 жақ – анықтама беріңіз – Бітім. 2 жақ – салыстырыңыз – 1457 жыл мен 1470 жыл. 3 жақ – зерттеңіз – Хандықтың ішкі жағдайы. 4 жақ – әңгімелеңіз – Хандықтың басқару ісі. 5 жақ – ойларыңызды байланыстырыңыз – Хандықтың сыртқы саяси жағдайы. 6 жақ – келісіңіз не қарсы шығыңыз – Қазақ хандығы Сырдария бойындағы қалаларды қол астына қаратты.  	Қазақстанның саяси картасымен жұмыс Кестемен жұмыс Тапсырманы орындап біткеннен кейін, бір-бірін бағалату үшін, дұрыс жауаптары бар бағалау парағын тарату немесе тақтадан көрсету	Оқушылар берілген жауаптарға байланысты бір-бірін бағалайды.	сызбалар Кесте Карта ҚБ парағы А4, конспект
Қорытынды	Синтез. Екі түрлі түсініктеме күнделігі. Оқушылар дәптер бетін екі бөлікке вертикаль сызықпен бөлу сұралады. Бөліктің оң жағына сабақта қатты әсер еткен тұстарды жазады. Сол жағына сол әсер еткен пікірлерін жазады.	Кестемен жұмыс жасайды.	Оқушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	

І-бөлім қорытынды сынақ тапсырмалары.

1-тапсырма.

1. Жәнібек, Керей хандармен бірігіп көшкен ру-тайпалар алғашқы кезде қалай аталды?
   А) өзбек-қазақ Ә) қазақ-орыс Б) қазақ В) қазақ-қырғыз
2. «Қазақ» деген атау Орхон, Енисей жазбаларындағы «қазғақ оғлұм» деген сөздегі «ғ» әрпінің түсіп қалуы негізінде жасалды деген қатарлар кездесті

А) көне түрік тіліндегі деректерде
Ә) сібір халықтарының деректемелерінде
Б) Хорасан түрікмендерінде
В) Араб жазбаларында

3. Ежелгі Сібір тайпалары тілдерінде «қазақ» сөзі берген мағына
А) ержүрек, кезбе, батыр Ә) еркін адамдар Б) кезбе, еркін
В) мықты, берік, алып
4. Шығыс Дешті Қыпшақта «қазақ» атауы әлеуметтік мағынада қолданылды
А) X-XIIғғ Ә) IX-Xғғ Б) X-XIғғ В) XI-XIIғғ
5. XIII ғасырдың басында жасалған мәмлүктік Египет мемлекетінің «араб–қыпшақ» сөздігінде «қазақ» сөзіне берілген мағына
А) ержүрек, кезбе, батыр Ә) еркін адамдар Б) кезбе, еркін
В) мықты, берік, алып
6. XIII ғасырда «қазақ» сөзінің хорасан түрікмендері арасында кездескенін айтқан тарихшы
А) Көмеков Ә) Рузбихан Б) Уәлиханов В) Ә. Марғұлан
7. «Қазақ» сөзі көне түрік дәуірінде пайда болып, XIII ғасырға дейін қолданылған мағынасы
А) ержүрек, кезбе, батыр Ә) еркін адамдар Б) кезбе, еркін
В) мықты, берік, алып
8. Қазақ сөзі этникалық мағынаға ие бола бастайды
А) XVғ Ә) XIV ғ Б) XIIIғ В) XVIғ
9. Қазақ сөзі этникалық мағынаға толық ие болды
А) XVғ Ә) XIVғ Б) XIIIғ В) XVIғ
10. «Алаш» сөзін қазақ халқының қай аңызынан жиі кездестіруге болады?
А) Жошы ханның жортуы Ә) Алаша хан
Б) Қорқыт ата В) Оғызнама
11. «Алаш» сөзі алғаш рет айтылды
А) X-XIIғ Ә) IX-Xғ Б) X-XIғ В) XI-XIIғ
12. Аңыздағы Қотан бидің балаларына берілген еншілерді сәйкестендір
1. Үйсін А. Орта Жүз
2. Болат Ә. Кіші Жүз
3. Алшын Б. Ұлы Жүз
13. Алаша ханның ордасы орналасқан Жезқазған аймағындағы өзен
А) Жаңғабыл Ә) Кеңгір Б) Сарысу В) Қаракеңгір
14. Алаша ханның күмбезі орналасқан Жезқазған аймағындағы өзен
А) Жаңғабыл Ә) Кеңгір Б) Сарысу В) Қаракеңгір
15. Аңыздағы үш жігіттің(Үйсін, Болат, Алшын) иеленген аймақтарын сәйкестендір
1. Үлкені А. Батыс Қазақстан
2. Ортаншысы Ә. Орталық Қазақстан
3. Кішісі Б. Оңтүстік, оңтүстік-шығыс
16. «Үш жүз» аңызы бойынша қазақ халқының құрамына енген ру-тайпалар өздерінің ен–таңбаларын салған жер
А) Сынтас Ә) Жартас Б) Таңбалы Нұра В) дұрыс жауап жоқ

17. Қазақ халқының жүзге бөлінуінің себебін жазып көрсеткен ғалым?

А) В.Рубрук Ә) Б.Е.Көмеков Б) М.Х.Дулати В) Ш.Уәлиханов

18. XIII-XV ғасырларда аттары бізге аңыз боп жеткен ауызша поэзия өкілдерінің қатарына жатпайтынын көрсетіңіз:

А) Кетбұға Ә) Қотан Б) Асан Қайғы В) Барлығы жатады

19. XV ғаырда Жетісу жеріне қоныс тепкен халық саны?

А)100 мың Ә) 200 мың Б)300 мың В)400 мың

20. Қазақ хандары кімнің ұрпағымен бірлесе отырып, Шайбани ханға қарсы шықты?

А) Әмір Темір Ә) Әбілқайыр Б) Тоқтамыс В)Орда Ежен

2. тапсырма «Аяқталмаған сөйлем».

1. Жәнібек хан – Барақ ханның бел баласы, Керей хан болса, ...
2. Керей хан мен Жәнібек ханның Шудағы Қозыбасы Орда тігуі ең алдымен, көшпелі ...
3. Қазақстан жеріндегі бір кезде әлемді дүр сілкіндірген Алтын Орда хандығы ыдырап, жаңа мемлекеттер – ...
4. 1470 жылы Керей хан бастаған қол Түркістанға, Жәнібек хан ...
5. Қазақ хандары Әмір Темір ұрпақтарымен бірлесе отырып, ...

Жауаптары:

1-тапсырма


1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
А	А	В	Ә	Б	А	Ә	Ә	А	Ә	Ә	1-б 2-а 3-ә	А	В	1-б 2-а 3-ә	Б	В	В	Ә	А

2-тапсырма

1. Жәнібек хан – Барақ ханының бел баласы, Керей хан болса, Барақ ханның ағасы Болат сұлтанынның баласы, яғни екеуі немере.
2. Керей хан мен Жәнібек ханның Шудағы Қозыбасыға Орда тігуі ең алдымен, көшпелі қазақтардың ел болып, еңсе көтерсек деген ынта-үмітін жүзеге асырды. Көшіп-қонам десе солтүстігінде керіліп Сарыарқа, оңтүстігінде Шу мен Сыр бойының жолбарыс жортқан қалың орманы жатты.
3. Қазақстан жеріндегі бір кезде әлемді дүр сілкіндірген Алтын Орда хандығы ыдырап,жаңа мемлекеттер-Сібір хандығы,Қазақ хандығы, Астрахан хандықтары тарих сахнасынан орын алды
4. 1470 жыл - Керей хан бастаған қазақ әскері Түркістан қаласына шабуыл жасады. 1470 жыл – Жәнібек хан Созақ қаласына шабуыл жасады.
5. Қазақ хандары Әмір Темір ұрпақтарымен бірлесе отырып, Шайбани ханға қарсы шабуылға шықты.

Қысқа мерзімді жоспар 6-сабақ

Күні:				
Сынып:	**Қатысушылар саны:**		**Қатыспағандар саны:**	
Сабақтың тақырыбы	Қасым хан.			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;			
Сабақ мақсаты	Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің себеп-салдарын анықтап, тарихи маңызына баға береді.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	Ой шақыру: Тақтаға Қасым ханның суреті көрсетіліп, бұл қандай тұлға,  Жаңа сабақтың тақырыбын, зерттеу сұрағы, мақсаты мен бағалау критерийлерін таныстырыңыз. Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру.	Оқушылар өз жауаптарын ұсынады		Тақырыптық суреттер
Жаңа сабақ	Дерекпен жұмыс 1-тапсырма. 1. Қасым ханның жүргізген ішкі саясатының ерекшеліктерін анықтайды. 2. Қасым ханның сыртқы саясатының нәтижелерін тұжырымдайды. 3. «Қасым ханның қасқа жолы» заңдарын талдап, саяси, экономикалық және мәдени саладағы ықпалын анықтайды. **Зерттеу және талдау** **Дерекпен жұмыс** **1-тапсырма.**	Ақпаратты мен алмасады, сұрақ қойып талқылайды. Бағалау критерийі 1.Өз бөліміне қатысты кем дегенде 4 негізгі	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады «Ең үздік жауап»	Ақпараттық мәтін Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінгі күнге дейін.

	1. Қасым ханның жүргізген ішкі саясатының ерекшеліктерін анықтайды. 2. Қасым ханның сыртқы саясатының нәтижелерін тұжырымдайды. 3. «Қасым ханның қасқа жолы» заңдарын талдап, саяси, экономикалық және мәдени саладағы ықпалын анықтайды. оқушы шығарылып берілген тапсырмны орындайды **2-тапсырма. Мәтінмен жұмыс.** Оқушылар мәтінді оқып шығады, сосын мәтін бойынша сұраққа жауап береді. Оқушылар негізгі термин сөздерді мәтіннен анықтайды; **Пирамида арқылы талдау.** «Не себепті Қ. Жалайыри: «Жәнібек ханның ұлдарының арасында аса белгілі болғаны Қасым хан еді...» деп жазды? сұрағына Қасым ханның қол жеткізген жетістіктерін пирамаидаға орналастырып жауап беріңіз. Маңыздылығы бойынша төменнен басталады.  Интерпретация Сабақтың қорытынды бөлімінде тапсырманы барлық оқушыларға беріңіз. «Қазақ хандығының құрылуы	дәйек табу 2.Өз бөліміне байланысты 2 жеңіл сұрақ, 2 күрделі сұрақ құрстыру 3.Басқа топтардың сұрақтарына жауап беру. Дескриптор Қасым хан билік еткен жылдарды біледі Қасым хан билік еткен жылдардағы территорияны біледі Қасым хан жүргізген саясатын біледі Қасым хан заңдар жинағын біледі Дескриптор Қасым хан жетістікте	Оқушылар берілген жауаптарға байланысты бір-бірін бағалайды.	5 томдық. II том. Атамұра, 2010 http://e-history.kz/kz/scorm/course/149 ҚБ парағы А4, конспект

	заңдылық па, кездейсоқтық па?» сауалына пікірталас ұйымдастырыңыз.	рін біледі Қасым хан жетістіктерін бағалайды Қасым хан жетістіктерін дәлелдейді 4 дәдел.		
Қорытынды	**Кері байланыс** « Білімді стикер». Мына сұрақтар бойынша жауап береді. - Не білдім? - Не білемін? - Не білгім келеді?	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	сабақтағы өз әрекетіне рефлексия	

Қысқа мерзімді жоспар 7-сабақ

Күні:				
Сынып:	**Қатысушылар саны:**		**Қатыспағандар саны:**	
Сабақтың тақырыбы	Хақназар хан			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау;			
Сабақ мақсаты	Қазақ хандығының XVI – XVII ғасырлардағы даму үдерісін, біртұтас қазақ мемлекеті болып дамығандығына қандай ішкі және сыртқы факторлар әсер еткендігін түсінеді			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	Ой шақыру: 1. Қасым ханнан кейінгі билік еткен хандар кезінде айырылған Қазақ хандығының жерлерін Хақназар хан қалай қалпына келтірді? 2. Қазақ хандығына көз	Оқушылар өз жауаптарын ұсынады	мадақтау	Мұғалім презентациясы

	тіккен сыртқы жаулардың шапқыншылық жоспарларын қалай тойтара білді.			
Жаңа сабақ	Мәтінмен жұмыс 1-тапсырма. Қазақ хандығының сыртқы саясаты жөніндегі ақпартты қолданып Хақназар хан тұсында Қазақ хандығының Моғолстанмен, Ноғай Ордасымен, Өзбек және Ресей мемлекеттерімен сыртқы байланыстарының негізгі нәтижелері қандай? Қазақ хандығының бұл мемлекеттермен қарым-қатынастарындағы сәтті және сәтсіз тұстарын анықтаңыздар. ЕББҚ оқушыларына (есту, көру, қабылдау деңгейі төмен)қосымша қолдау көрсету мақсатында үлестірме материал беріледі. 2-тапсырма. Берілген мәтін оқушылар Хақназар хан кезіндегі сыртқы саяси факторларды табады. «Маңызды дерек» Хақназар ханның Қазақ хандығын нығайтуда қай елмен қарым-қатынасы маңыздырақ болды? «Хат» жазам әдісі - Хақназар атынан сол кезеңдегі саяси оқиғаларды сипаттайтын «Қазақ хандығын нығайту үшін, Елім үшін мен не істей алдым?» тақырыбында 30-60 сөзден тұратын хат жазады; Оқушылардың жауаптарында төмендегі мәселелер қамтылуы қажет:	Мәтән бойынша жұмыс жасайды Мәтіндегі негізгі идеяны анықтайды; Аз дегенде 5 сыртқы саяси факторын таба алады. Маңыздылығына сәйкес орналастыра алады. Орналастыру себептерін түсіндіре алады.	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады «Ең үздік жауап» «Бармақпен»	Ақпараттық мәтін Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық. II том. Атамұра, 2010., 373-384 бб. ҚБ парағы А4, конспе

	Менің.....ханға қарағанада...ерекшелігім.. Келесі себептер/ факторлар қысқа мерзімді/ орта мерзімді/ ұзақ мерзімді болып келеді. Ең басты өзгерістерім..... / жетістіктерім..... болды… Бұл оқиға /өзгеріс маңызды болды / айтарлықтай, өйткені… Нәтежем..... Қорытындылай... ЕББҚ оқушыға мадақтау арқылы қолдау көрсетіледі.			кт
Қорытынды	Кері байланыс « Білімді стикер». Мына сұрақтар бойынша жауап береді. - Не білдім? - Не білемін? - Не білгім келеді?	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	сабақтағы өз әрекетіне рефлексия	

Қысқа мерзімді жоспар 8-сабақ

Күні:				
Сынып:	**Қатысушылар саны:**		**Қатыспағандар саны:**	
Сабақтың тақырыбы	Тәуекел хан, Есім хан.			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау.			
Сабақ мақсаты	Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызын талдайды.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	**Ой салу.** Оқушыларға өткен сабақтағы алған білімдерін еске түсіру және жинақтау	Оқушылар өз жауаптарын ұсынады	мадақтау	Бейнематериал Қазақ елі.

	мақсатында келесідей жетелеуші сұрақтарды қоюыңызға болады. • Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы қай жылы тойланды? • Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі тарихи шығарманы кім жазды? • Қай жылы жазылды? • Қазақ хандығының құрылуы мен еңбектің жазылуы арасында қанша уақыт өткен? • Бұл еңбектегі дерекке біз сенуіміз керек пе?			Қазақстан тарихы. Kazak eli. 2 seriya. https://www.youtube.com/watch?v=l_IBpGqSvfk
Жаңа сабақ	**1. Дерекпен жұмыс** 1-дерек. «Қазақ хандығының ішкі саясаты». Деректі талдауға нұсқаулық: 1)Қазақ хандығы құрылғаннан кейін елде қандай жағдай орын алды? 2) Өзгерістерді экономикалық, әлеуметтік, этникалық, тарихи, саяси, демографиялық факторларға жікте. 2-дерек. «Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызы». Деректі талдауға нұсқаулық: 1) Қазақ хандығының құрылуын кімдер еске сақтауға тиіс? 2) Қазақ хандығының құрылуындағы оқиғалар желісі қандай нәтижеге әкелгенін талдайды.	Дескриптор: - Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі елдің ішкі жағдайын сипаттайды; -Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі елдің ішкі жағдайында орын алған өзгерістерді экономикалық, әлеуметтік, этникалық, тарихи, саяси, демографиялық факторларға жіктейді. Дескриптор: - Қазақ хандығының құрылуын	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады «Ең үздік жауап»	Ақпараттық мәтін Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық. II том. Атамұра, 2010., 373-384 бб.

	Жағымды/жағымсыз нәтижелерін көрсетеді. 3) Қазақ хандығы құрылған кезде және бүгінгі күні оқиғаның маңыздылығы бар ма? **2-тапсырма.** Оқушыларға Есім ханның сыртқы саясаты туралы дерек мәтіндері таратылады. Дерек мәтіндерін оқып, дерекпен жұмыс жасайды. 1. қай дерек сенімді? 2. деректердің қандай ұқсастығы бар? 3. деректердің қандай ерекшеліктері бар 4.деректің құндылығы/маңыздылығы қандай?	кімдер еске сақтау керектігін атайды; - Қазақ хандығының құрылуындағы оқиғалардың жағымды/жағымсыз нәтижелерін талдайды. Оқушыларға Есім ханның сыртқы саясаты туралы дерек мәтіндермен жұмыс жасайды		ҚБ парағы А4, конспект
Қорытынды	**Кері байланыс** Сабақтың сәтті тұстары / Сабақтың сәтсіз тұстары	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады.	сабақтағы өз әрекетіне рефлексия	

Қысқа мерзімді жоспар 9-сабақ

Күні:		
Сынып:	**Қатысушылар саны:**	**Қатыспағандар саны:**
Сабақтың тақырыбы	Тәуке хан.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау;	
Сабақ мақсаты	Қазақ хандарының сыртқы саясатын анықтап, нәтижелерін талдау Қоғамдық-саяси өмірдегі батыр, би, сұлтан, жыраулардың қызметтерін анықтау;	

Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	Ой салу.  Суреттердегі кімдер? Ликург кім болуы мүмкін? Неліктен Левшин Тәуке ханды Ликургпен салыстырып отыр? Оқушыларды суреттер арқылы төрт топқа бөліп аламын. (билер, хандар, батырлар, жыраулар)	Оқушылар өз жауаптарын ұсынады	мадақтау	Тәуке хан туралы бейне материал http://lms.nci.kz/history/view?f=156&id=7&lang=kaz
Жаңа сабақ	Оқушыларға топтық жұмыстың алдында жарғы сөзі, Күлтөбенің басындағы жиын жайлы, жеті жарғының қысқаша тарихы жайлы мен тоқталып кетемін. **1. тапсырма** 1-топ. Хандар- жер дауы, үй іші мен бала тәрбиелеу бөлімін талдайды 2-топ. Билер- ұрлық барымта, бір халық пен басқа ру арасындағы дау бөлімін талдайды 3-топ. Батырлар-ұлтын жаудан қорғау, жесір дауы бөлімін талдайды. 4-топ. Жыраулар-жесір дауы, құн дауы бөлімін талдайды. Топтың ішінде талқыланып болған соң оқушылар өз бөлімдерінің мәні мен мазмұнын басқа топ мүшелеріне түсіндіріп маңызын айқындайды. **2. тапсырма** Зерттеу сұрағы. 1.Тәуке хан мемлекетті басқару ісіне қандай өзгерістер енгізді?	Әр топ бір бірін бағалап қай топтың жұмысы қызықты екенінебайланысты дауыс береді. Оқушылар әр қайсысы	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады «Екі жұлдыз ,бір ұсыныс	Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы қазақ елінің тарихы. Оқулық. / Алматы, Кітап баспасы, 2010. 336-б. ҚБ парағы А4, конспе

	2.Тәуке хан елді басқаруда неліктен билердің көмегіне сүйенді? Тапсырманы орындау барысында оқушының талдау дағдысы бағаланады / өзгерістерді анықтау/	жеке ойтолғау жазады, жұппен оқып талқылайды ,бағалау критерийлерімен өзара кері байланыс жасайды.	»	кт
Қорытынды	**Кері байланыс** Тәуке ханға саяси қайраткер ретінде, заң шығарушы тұлға ретінде мінездеме беру;	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады.	сабақтағы өз әрекеті не рефлексия	

II-бөлім қорытынды сынақ тапсырмалары.

1.Берілген ақпараттың ақиқат немесе жалған екенін анықтаңыз.

№	Ақпарат	Ақиқат/жалған
1	XIV-XV ғғ Қазақстан жерін мекендейтін қазақ тайпалары Орда Алтай тауынан Дунай өзеніне дейінгі ұлан - ғайыр жерді алып жатты.	
2	1582 ж. маусым айында Тәуекел сұлтан бастаған қазақ әскерлері Түркістан қаласының түбінде болған шешуші шайқаста Баба сұлтанның әскерін талқандап, Баба сұлтанды өлтіреді. Тәуекел сұлтанның бұл ісіне ризашылық білдіріп Абдаллах хан Ходжент деген жерді сыйға тартты	
3	Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін оның орнын басқан Қайып сұлтан хандықты әлсіретіп алды	
4	Тәуке хан билігінің бір бөлігін өз ұлына беру арқылы өз ұлын мемлекеттік істерді шешуге, елді басқаруға тартты.	
5	Тәуке ханның алдына қойған мақсаты – ыдырай бастаған хандықтағы саяси жағдайды реттеуге күш салды	
6	Қасым хан Орта Азия хандықтарымен, Еділ бойындағы елдермен, Батыс Сібір хандығымен, Ресей мемлекетімен сауда саттық және	

	дипломатиялық қарым-қатынас жүргізді.	

2-тапсырма

XVI ғасырда қазақ хандығындағы өзгерістерге дәлел келтіріңіз.

I. Қасым хан кезіндегі:.....

II. Хақназар хан кезіндегі.....

III. Тәуекел хан кезіндегі.....

Жауаптары:

1. тапсырма
    1. Жалған. Ертістен Жайыққа, Алтайдан Каспий мен Аралға дейінгі кең – байтақ жазық даланы қамытған еді.
    2. Жалған. Самарқан өлкесіндегі Африкент уәлаятын сыйға тартты.
    3. Шындық. Кіші жүзді –Әбілқайыр, орта жүзді – Қайып хан, ұлы жүзді – Жолбарыс басқарды.
    4. Жалған. Билерге беру арқылы «Билер кеңесінің» құрылтайын сәтті ұйымдастырып отырды.
    5. Шындық. Хандық өкімет билігінің беделін көтеріп, ақсүйектердің бөлініп, оңашалануын тоқтату, халықты біріктіру үшін көптеген іс – шараларды іске асырады.
    6. Шындық. Қасым хан Орта Азия хандықтарымен, Еділ бойындағы елдермен, Батыс Сібір хандығымен, Ресей мемлекетімен сауда саттық және дипломатиялық қарым-қатынас жүргізді.

2. Тапсырма

Қасым хан тұсында Қазақ хандығының өрлеуі басталды. Оған дәлел әскер санының 300 мыңға, халық санының 1 миллионнан асқандығы. Сонымен қатар Қазақ хандығының қуаты мен беделі алыс елдерге танылып, бүкіл Дешті Қыпшақты иеленген. Қоғамдық өмірде қарама-қарсы қайшылықтарды болдырмау үшін бірқатар заңдар (Қасым ханның қасқа жолы) шығарған. Орта Азия хандықтарымен, Батыс сібір хандығымен, Ресей мемлекетімен сауда-саттық, дипломатиялық қатынас орнатқан.

Хақназар хан тұсында саяси бытыраңқылық жойылып, бір орталықтан басқарылатын билік орнатқан. Моғол хандығымен, Ноғай ордасымен, өзбектермен, Ресеймен бейбіт қарым-қатынас жасауды міндеттенген.

Тәуекел хан тұсында сыртқы саясатында хандықтың оңтүстігіндегі қалаларда билікті нығайтуға күш салады. Орыс мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынастарды жандандырды. Қазақ хандығының территориясын Мауараннахр қалаларын жаулап алуымен кеңейтті.

Қысқа мерзімді жоспар 11-сабақ

Күні:		
Сынып:	**Қатысушылар саны:**	**Қатыспағандар саны:**
Сабақтың тақырыбы	XV-XVII ғасырлардағы ақын-жыраулар.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау	
Сабақ мақсаты	қазақтың рухани мәдениетінің дамуы туралы түсінеді;	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	Қызығушылықты ояту Оқушыларға «Кеңес» күйін тыңдатар алдында келесі сұрақтарды беру: • Күйден қандай әсер алдың? • Күй арқылы күйші нені/қандай ойды жеткізгісі келді? Сабақ тақырыбына жетелеп, оқу мақсаттары мен бағалау критерийлерін таныстыру	Оқушылар күйді тыңдап,сқрақтарға өз жауаптарын ұсынады	мадақтау	Мұғалім презентациясы «Кеңес» күйі аудио
Жаңа сабақ	Негізгі оқиғалар. Мәтінмен жұмыс. XY-XYI ғасырлардағы ақын-жыраулар Сыпыра жырау(XIYғ) – Қазақстанның батысында өмір сүрген түркі тілдес ру-тайпалардан шыққан жырау қазақ пен ноғайға ортақ тұлға. Ел қамын жеген қамқоршы ақсақал ретінде «Ер Тарғын», «Едіге»жырларында кездеседі. Қазтуған Сүйінішұлы – 1420ж Астраханьдағы	. Оқушылар мәліметтермен жеке жұмыстанады, жұппен оқып талқылайды ,бағалау критерийлерімен өзара кері байланыс жасайды.	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады	https://www.youtube.com/watch?v=iEwzW6ZR_r8 «Жиембет жырау еңсегей бойлы Ер Есім»

	Қызылжар деген жерде дәулетті отбасында дүниеге келген. Жиембет Бортоғашұлы XVIғ соңында XVIIғ өмір сүрген. Рубасы әулетінен шыққан. Есім ханның ел басқаруышы жырау болған. Жырау ойраттарды жеңуіне үлес қосты. Доспамбет – 1490 жылы Дон өзенінің төменгі ағысындағы Азов қаласында әскери билеуші шонжар тұқымынан шыққан. Жырлары: «Айнала бұлақ басы жоқ», «Тоғай, тоғай, тоғай су», «Азау, Азау дегенің», «Арғымаққа оқ тиді», «Айналайын Ақ Жайық» Шалкиіз(1465-1560жж) – Жайық өзенінің шығыс жағалауында дүниеге келген. Ноғайлының әміршісі Темір бидің жанында болған. **Зерттеу сұрағы** 1. Жиембетпен Марғасқа жырауды салыстыра отырып, ақпарат береді. 2. Жыраулардың образын, халықтың тұрмысын бейнелейді.	Қазақ халқының тарихындағы ақын жыраулардың рөліне баға береді.	«Екі жұлдыз ,бір ұсыныс»	https://www.youtube.com/watch?v=a6c_nQK-93A
Қорытынды	**«Аяқталмаған 4 сөйлем»** Бүгін мен..... білдім *..... қызықты болды. *..... қиын болды. *..... екенін түсіндім	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады.	сабақтағы өз әрекеті не рефлексия	

Қысқа мерзімді жоспар 12-сабақ

Күні:				
Сынып:	**Қатысушылар саны:**		**Қатыспағандар саны:**	
Сабақтың тақырыбы	Тарихи шығармалар (Тарихи Рашиди, Шежірелер жинағы, Шыңғыснама)			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Тарихи шығармалардың маңыздылығын оқушылар ұғынады Тарихи шығармалардың мемлекеттің дамуына қосқан үлесі туралы түсіндіріп айтып береді. салыстырып отырған түсінік пен құбылыстың ортақ және жеке ерекшеліктерін анықтай алады			
Сабақ мақсаты	XYI–XYII ғасырлардағы қазақтың рухани мәдениетінің дамуы туралы түсінеді;			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	Өткен тақырыппен жаңа тақырыпты байланыстыратын қысқа сюжет ұсыну. Оқушы пікірін тыңдау. Тұлғалардың суреті арқылы 3-топқа бөлу.	Берілген тақырыпқа қатысты не білетіндерін ортаға салу.	мадақтау	
Жаңа сабақ	**1- тапсырма. Диалогтық оқыту.** Ақпаратпен жұмыс. 1- топ. Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірбаяны 2- 2-топ. Қадырғали Қосымұлы Жалайыридың өмірі дерегі 3- 3-топ. Өтеміс қажы өмірі **2-Тапсырма. «Кезбе тілші» әдісі** Шығарманы зерттеп, еңбектің құндылығын анықтау.. «Тарихи Рашиди» «Шежірлер жинағы» «Шыңғыснама»	Оқушылар авторлардың өмірі туралы баяндайды. Оқушылар топ болып талқылайды ,бағалау критерийлерімен өзара кері байланыс жасайды.	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады	Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі тарихи – танымдық деректер. http://e-history.kz/kz/contents/view/2032

Қорытынды	**Кері байланыс** « ББББ» кестесі. Білемін Білдім Білгім келеді	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады.	сабақтағы өз әрекетіне рефлексия	

Қысқа мерзімді жоспар 13-сабақ

Күні:				
Сынып:	**Қатысушылар саны:**		**Қатыспағандар саны:**	
Сабақтың тақырыбы	Көшпелілер шарушылығы мен тұрғын үйі			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	көшпелілердің қолданбалы өнердегі жетістіктерін сипаттау. көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау.			
Сабақ мақсаты	қазақ халқының қолданбалы өнер жетістіктерін бағалау			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	Сәлемдесу,түгелдеу, жайлы орта ұйымдастыру. Ой шақыру:Оқушыларға киіз үй туралы қысқаша бейне ролик көрсету. - Не көрдіңдер? - Не білдіңдер? - Тағы не білгілерің керек? - туралы сұрақтар қойып оқушылардың ой пікірлерін біліңіз	Берілген тақырыпқа қатысты не білетіндерін ортаға салу.	мадақтау	Мұғалім презентациясыhttp://e-history.kz/kz/contents/view/2032
Жаңа сабақ	**1. Мәтінмен жұмыс** Зерттеу мен талқылау Тапсырмалар: 1) киіз үйдің құрылысы (ішi-сыртының үш бөліктен тұратынын анықтау керек). 2) киіз үйдің ішкі құрылысы (оң қанат, сол қанат, төр ұғымдарының мәнін ашу	Мәтінмен жұмыс Дискрипторлар: - киіз үйдің құрылысы анықтайды; - киіз үйдің құрылысының	«Алақан-жұдыр	Сейдімбек Ақселеу.Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. –

	Мәтінмен жұмыс Зерттеу мен талқылау Тапсырмалар: 1) киіз үйдің құрылысы (іші-сыртының үш бөліктен тұратынын анықтау керек). 2) киіз үйдің ішкі құрылысы (оң қанат, сол қанат, төр ұғымдарының мәнін ашу **2. тапсырма**  Жылқы малының қазақтардың әлеуметтік өмірінде зор орын алады және бүгінгі күні қандай рол атқарады, қандай ұлттық ойындарда жылқы малын пайдаланады? Мысалдар келтіру.  - Мемлекетіміздің Елтаңбасында неліктен жылқы – пырақ бейнесі суреттеліп отыр? - Қандай мағына береді?	мәні мен мағынасына талдау жасайды; Жылқы малының қазақтардың әлеуметтік өмірінде маңыздылығына талдау жасайды;	ық» «Барма қпен»	Алматы «Санат» 1997 ж. Жылқы жайлы жөн – жосық. http://adyrna.kz/?p=4480http://www.minber.kz/2010/016.
Қорытынды	**Кері байланыс** «Тазалық» әдісі бойынша оқушылар өздері жаңа тақырыптан алғандарын ой елегінен өткізеді	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады.	сабақтағы өз әрекеті не рефлексия	

Қысқа мерзімді жоспар 14-сабақ

Күні:		
Сынып:	**Қатысушылар саны:**	**Қатыспағандар саны:**
Сабақтың тақырыбы	Қазақ хандығының қоғамдық-саяси құрылысы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулардың қызметтерін сипаттау	
Сабақ мақсаты	Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	Ой шақыру: Оқушыларға хан, би, сұлтан, молда, малшы, батыр деген жазуы бар карточкаларды таратылып беріледі. Оқушылардың міндеті жоғарыдағы әлеуметтік топтың өкілдеріне 3-4 сөйлемнен тұратын сипаттама беру. Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру.	Берілген тақырыпқа қатысты не білетіндерін ортаға салу.	мадақтау	Картосхемалық ақпарат
Жаңа сабақ	**Бейнебаянмен жұмыс** 1.Оқушыларға Қазақ хандығындағы қоғамдағы қатынастар мен әлеуметтік топтар туралы фильм ұсынылады. Оқушылар келесі сұрақтарға жауап береді: 1.Фильмнің негізгі ойы неде? 2.Қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастардың ерекшелігі неде? 3.Қандай қорытынды шығара аласындар? 2. «РАФТ» Оқушылардыңалған білімдері мен дағдыларын пайдалана отырып, шағын хабарлама дайындайды. Берілген сөздер тізбегінен кемінде 3 сөз қолдануы керек. Сөздер: Би, сұлтан, батыр, асар,	Оқушылар сұрақтарға жауап береді Жауап құрылымын сауатты құра алады; -Дәйекпен дәлелденген тұжырым береді.	мадақтау «Бармақпен»	https://www.youtube.com/watch?v=Wq0NdULWyGI мәтіндік хабарлама

	жылу, хан, қожа, шаруа. Р-рөл А-аудитория Ф-форма Т-тақырып			
Қорытынды	**Кері байланыс** Мен барлығын түсіндім, тапсырмаларды орындадым деген жағдайда (жасыл стикер); Мен орташа түсіндім,тапсырмаларды орындауда қиналдым деген жағдайда (сары стикер); Ешнәрсе түсінбедім,тапсырмаларды орындауда қатты қиналдым деген жағдайда (қызыл стикер)	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады.	сабақтағы өз әрекеті не рефлексия	

Қысқа мерзімді жоспар 15-сабақ

Күні:				
Сынып:	**Қатысушылар саны:**		**Қатыспағандар саны:**	
Сабақтың тақырыбы	Қазақ хандығының материалдық мәдениеті			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау			
Сабақ мақсаты	Қазақ халықтарының әлем өркениетіне қосқан үлесін бағалайды.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	**Сұрақ**: Қазақ халқының Ұлттық құндылықтарын атап өтеміз. Шағын көрме ұйымдастырылады. Көрмеге қойылатын заттар: қолөнер бұйымдары, зергерлік, ұсталық, макеттер т.б.көрмедегі заттарды көрсету арқылы тақырыпқа шығу Іс-әрекет: Оқушылар сұрақтар бойынша ой талқы жүргізеді • Не көрдіңіздер? • Қандай сұрақтарыңыз бар? • Осы	Берілген тақырыпқа қатысты не білетіндерін ортаға салу.	мадақтау	бұйымдар

<table>
<tr><td></td><td>заттардың тақырыпқа қандай қатысы бар ?</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Жаңа сабақ</td><td>Топтық жұмыс.
1. Зерттеу
1 топ: Қазақ халқының баспанасы. Бұл тақырыпта оқушылар қазақ халқының XVIII ғасырдағы баспаналары жайында баяндайды; 2 топ: Қазақ халқының ұлттық ою-өрнегі. Бұл тақырыпта қазақ халқының ою өрнектерінің пайда болуы және оның қайда қолданылатындығын атап көрсетеді.
3 топ: Қазақ халқының үй жиһаздары, қолөнер бұйымдары. Бұнда оқушылар көшпелілердің тұрмыста қолданатын ыдыс-аяқ, қару-жарақ, ер тоқымның, ер адам киетін шалбардың және т.б. ойлап табуларын зерттеулері мүмкін;
2. Кестемен жұмыс
<table>
<tr><td>№</td><td>Кәсіп түрлері</td><td>Қандай шикізат пайдаланған?</td><td>Қандай бұйымдар жасаған?</td></tr>
<tr><td>1</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>2</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>3</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>4</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table></td><td>Басқа топтардың сұрақтарына жауап беру; • Өз мәтінін түсінікті етіп айту; • Топтық жұмысқа белсенді қатысу; • Уақытты тиімді пайдалану. • Топтың бір мүшесі қолдау көрсету

Кестемен топта жұмыстанады.</td><td>Топта бір-бірінің жаубына сай бағалайды

«Бармақпен»</td><td>Толыбеков С. Қазақ шежіресі. – Алматы: Қазақстан, 1992

кесте</td></tr>
<tr><td>Қорытынды</td><td>Кері байланыс

Микрафон әдісі</td><td>Тақырып бойынша не білгендерін жазады.</td><td>сабақтағы өз әрекетіне рефлексия</td><td></td></tr>
</table>

III-бөлімді қорытындылау тапсырмалары

1. Тапсырма. Сәйкестендіру.

1. Шаңырақ		А. Киіз үйдегі ең құрметті орын

2. кереге		Ә. Үйдің дәл ортасындағы орын
3. уық		Б. Киіз үйдің қабырғалары
4. сықырлауық		В. Үйді жауып тұратын киіздер
5. ошақ		Г. Есік маңайы
6. төр		Ғ. Киіз үйдің күмбезді төбесін құрайтын жоғарғы бөлігі.
7. босаға		Д. Кереге басымен шаңырақты ұстастыратын сүйегі
8. түндік		Ж. Киіз үйдің есігі

2. тапсырма. Жабық тест.

1.Мәдениет дегеніміз не? (Адамдардың дүниетанымы, шығармашылықтың жемісі)

2.Рухани мәдениет деп нені атаймыз? (Белгілі бір кезеңде өмір сүрген халықтың жан дүниесінің көрінісі)

3.Қазақ келіндерінің үйдің үлкен-кішісінің атын атамай, басқаша ат қоюы? (Ат тергеу)

4.Халық арасында кең тараған ертегілер (Ертөстік, Құламерген, Алтын сақа, Аламан мен Жоламан, т.б.)

5.Халық тұрмысы,әдет-ғұрпы,салт-дәстүрлері кең көлемде көрініс тапқан лиро-эпостық жырлар (Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Айман-Шолпан, Қыз Жібек,т.б.)

6.Қазақ халқының арасына қыпшақша жазылып,тараған шығарма (Кодекс куманикус)

7.XVI-XVII ғғ. тарихи шежіре,әдебиет пен тіл ескерткіші.(Жами ат-тауарих)

8.Қазақтар үшін астрономиялық сағат қызметін атқарған шоқжұлдыз (Жетіқарақшы)

9.Түрік ғалымы Сейфи қазақтардан қанша адамның ислам дінін ұстанғандарын атап өткен? (200мыңнан астам)

10.Қазақтарды «Ислам дініне сенетін халықтар»,- деп жазған ағылшын көпесі (Дженкинсон)

11. Батыс Қазақстан өңірінде өмір сүрген беделді алшын тайпасынан шыққан жырау?

12. Қазақ халқының қоныс тепкен жерлерінің жай-жапсары, қалалары мен мәдениеті туралы баяндалатын тарихи шығарма?

13. XVғ- XVIғ аралығындағы оңтүстік және шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы, егіншілік мәдениеті, Жетісудің тарихи географиясы баяндалатын құнды дерек?

14. Есім ханның жорық жырауы?

15. Әйел адамдардың бас киімдері?

Жауаптары:

1. тапсырма

1	2	3	4	5	6	7	8
Ғ	Б	Д	Ж	Ә	А	Г	В

2.тапсырма

1.Адамдардың дүниетанымы, шығармашылықтың жемісі

2. Белгілі бір кезеңде өмір сүрген халықтың жан дүниесінің көрінісі

3. Ат тергеу
4. Ертөстік, Құламерген, Алтын сақа, Аламан мен Жоламан, т.б.
5. Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Айман-Шолпан, Қыз Жібек,т.б.
6. Кодекс куманикус
7. Жами ат-тауарих
8. Жетіқарақшы
9. 200мыңнан астам
10. Дженкинсон
11. Жиембет жырау
12. Жылнамалар жинағы
13. Тарихи Рашиди
14. Марғасқа жырау
15. Кәмшәт бөрік, сәукеле

Қысқа мерзімді жоспар 17

Күні:		
Сынып:	**Қатысушылар саны:**	**Қатыспағандар саны:**
Сабақтың тақырыбы	Қазақ-жоңғар қарым-қатынасы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру	
Сабақ мақсаты	Жоңғар басқыншыларына қарсы тұрған хандар мен батырлардың ерлік істерімен танысамыз	

Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	**«Көрсетілім» әдісі** Экраннан «Елім-ай» әнінің бейнебаянын көрсету. Бейнебаян көрсетілімі бойынша ойлары, сезімдері сұралады.	Берілген тақырыпқа қатысты не	мадақтау	https://yandex.kz/video/preview/17983625767710263285

		білетін дерін ортаға салу.		елім-ай
Жаңа сабақ	**1. Тапсырма Мәтінмен жұмыс.** Жоңғар хандығы туралы және жоңғарлардың қазақ жеріне басып кіруінің себептері жәйлі сториборд немесе оқиғалар легін (тізбегін) толтырады. **2.тапсырма** **«Фрейер моделі» әдісі** Жоңғар шапқыншылығының өндірістік қатынастарға/ шаруашылық қа/мәдениетке тигізген әсеріне талдау жасайды Құрылысы | Сұрағы Салыстыру | Мысал **3.«Тұлғаны тап!» сергіту.** **«Тарихи диктант»** ..... хан күшті де ықпалды сыртқы саясат жүргізді.Сөйтіп ол ..... мен ..... әскери одақ құруға қол жеткізді.Бұл шараның арқасында ..... хандығының аумағына ..... қалмақтарының шабуыл жасауынан төнген қатерді тоқтатудың сәтітүсті.	Оқушылар өз жауаптарын береді; • Өз мәтінін түсінікті етіп айту; • талдау Кестемен топта жұмыс танады. • Уақытты тиімді пайдалану. • Бірін бірі тексеру	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады «Бармақпен»	Ақпараттық мәтін Үлестір Суреттер Тірек-сызбалар Кесте Карта
Қорытынды	**Кері байланыс ҚҚҚ кестесі** 1.Қызық болған 3 нәрсе 2.Қиын болған 3 нәрсе 3.Құнды болған 3 нәрсе	Тақырып бойынша не білгендерін жазады	сабақтағы өз әрекетіне рефлексия	

Қысқа мерзімді жоспар 18

Күні:	

<table>
<tr><td>Сынып:</td><td>Қатысушылар саны:</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы</td><td colspan="2">Қазақ-жоңғар қарым-қатынасы</td></tr>
<tr><td>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары</td><td colspan="2">Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру.</td></tr>
<tr><td>Сабақ мақсаты</td><td colspan="2">Аңырақай шайқасын Орбұлақ, Бұланты шайқастарын сипаттау, салыстыру.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Сабақтың барысы</td></tr>
</table>

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	**«Серпілген сауал»** әдісімен өткен сабақты сұрақ–жауап ақылы сұрау. Бастапқы ынталандырушы материал 	Берілген суреттерге қатысты не білетіндерін ортаға салу.	мадақтау	суреттер
Жаңа сабақ	**1. Мәтінмен жұмыс** деректерді пайдаланып, тұжырымдамалық карта дайындау; **2. «Сәйкестігінтап»** **3. «Меню» әдісі** Түйіндеме жазу – әр жұп өздеріне түскен хан немесе батырға түйіндеме жазады қазақ-жоңғар қатынастары туралы 10 факт жазып алады. 1. Басқа топпен өздерінің фактілерімен алмасады 2. Жағымды және жағымсыз	Оқушылар өз жауаптарын береді; • Кестемен топта жұмыстанады. • Уақытты тиімді пайдалану. • Бірін бірі тексеру	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады «Бармақпен»	Ақпараттық мәтін Үлестір Суреттер Тірек-сызбалар Кесте Карта

№	Тапсырма		жауабы
1	Аңырақай шайқасы	А	1723 жыл
2	Қабанбай батыр	Ә	1728 жыл
3	Бөгенбай батыр	Б	1730 жыл
4	Қалмаққырылған	В	1680 жыл
5	А табан шұбырынды	Г	1691 жыл

	фактілерді анықтап, + және – белгілерімен ажыратады Одан кейін әр топ 10 фактілердің ішінен ең маңызды 3 анықтап, өз таңдауларын негіздейді. **4 тапсырма** 4 жауап нұсқасы бар 5 тест тапсырмасы Тест сұрақтары: 1. Жоңғар хандығы қай жылы құрылды? A) 1640ж B) 1650ж **C) 1635ж** D) 1637ж 2. Жоңғарлар қазақтың қай жағынан шабуыл жасады? **A) Оңтүстік шығыс жағынан** B) солтүстік батыс жағынан C) батыстан D) шығыстан 3) Ш.Құдайбердіұлының еңбегі? **A) Қалқаман-Мамыр** B) Жаужүрек C) Манас D) Едіге 4. Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама қай жылдары болды? A) 1735-1738 ж B) 1745-2-1745ж **C) 1723-1727ж** D) 1725-1729ж 5. Сепаратизм дегеніміз не? **A) өзінше бөлініп шығуға, жеке билікеке ұмтылу** B) қоныс аудару C) малдың қырылуы D) халық санының өсуі 5 тапсырма Жыраулардың Жоңғар шапқыншылығына қатысты жырларында негізгі ой қандай болды? Жауабы: Отан қорғаудағы ерлік істер жайлы	Тест тапсырмасын орындайды, өз жауаптарын береді.		
Қорытынды	**Кері байланыс** Рефлексия – «Бағдаршам» әдісі	Тақырып	сабақтағы өз	

	• Жасыл – мақсатқа қол жеткізілді, сенімді алға жүреді. • Сары – біршама алға жылжу бар, кейбір мәселелер бойынша табысқа қол жеткізілді, алайда сенімсіздік бар, кеңес, көмексұрайды. • Қызыл – жетістікке қол жеткізбеді, абыржуда, сондықтан ол туралы мұғалімгемәлімдейді.	бойынша не білгендерін жазады.	әрекетіне рефлексия	

Қысқа мерзімді жоспар-19

Күні:				
Сынып:	**Қатысушылар саны:**		**Қатыспағандар саны:**	
Сабақтың тақырыбы	Әскери шептердің салынуы			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау			
Сабақ мақсаты	Ресейдің қазақ хандығына жақындауының себеп-салдарын анықтайды;			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	**«Миға шабуыл»** Бекіністердің суреттерін көрсету.	Берілген суреттерге қатысты не білетіндерін ортаға салу.	мадақтау	
Жаңа сабақ	**1-тапсырма Зерттеу сұрағы:** Ресей империясының Қазақстанды өзықпалына алу себептері қандай болды? Жауабы: 1. Қазақстан Орта Азия, Үндістан, Ауғанстан және басқа да Азиялық мемлекеттерге әскери іс-әрекеттерін алға қарай жылжытуға қолайлы болды. 2. Ресей империясының фабрика-зауыт өнімдерін өткізу үшін Қазақ хандығы үлкен нарық саналды. 3. Қазақ хандығы болашақта Ресейге түрлі шикізат, пайдалы қазбалар , мал шаруашылығы өнімдерін жеткізіп	Оқушылар өз жауаптарын береді; Кестемен жұмыстанады.	Оқушылар өзін-өзі бағалайды	Ақпараттық мәтін

	тұратын аймақ болар еді. 4. Ресей Қазақ хандығын өзге де көшпелілер сияқты алым-салық төлеудің қайнар көзі деп білді. **2-Тапсырма. Сәйкестендіру кестесі** **Әскери бекіністер** | | **Жылдары** 1. Жәміш | А | 1720 ж 2.Омбы | Ә | 1717 ж 3. Железинск | Б | 1718 ж 4.Коряков | В | 1716 ж 5. Семей | Г | 1714 ж 6. Әскемен | Д | 1715 **Қорытынды:**Бекіністер Ертіс өзені бойындағы патшалықтың жағдайын күшейтуге қолайлы еді. Ондағы негізгі мақсаты Қазақ хандығы мен Жоңғар қонтайшысына тиесілі жерді өзіне қосып алу болды.	Ресей империясының Қазақстанды өз ықпалына алу себептерін жазады	«Бармақпен»	Суреттер Тірек-сызбалар Кесте Карта
Қорытынды	**Кері байланыс** Нені білдім? Нені үйрендім? Нені толық түсінбедім? Немен жұмысты жалғастыру қажет?	Тақырып бойынша не білгендерін жазады.	сабақтағы өз әрекетіне рефлексия	

Қысқа мерзімді жоспар - 20

Күні:				
Сынып:	**Қатысушылар саны:**		**Қатыспағандар саны:**	
Сабақтың тақырыбы	Қазақ-орыс сауда байланыстары			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;			
Сабақ мақсаты	Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын сипаттайды Қазақ хандығының жағдайын әлсіреткен ішкі факторларды анықтайды			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**

<table>
<tr><td>Ұйымдастыру кезеңі</td><td>Сәлемдесу, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.
Миға шабуыл
Әскери шептер салынуы себебін еске түсіреміз</td><td>Берілген суреттерге қатысты не білетіндерін ортаға салу.</td><td>мадақтау</td><td></td></tr>
<tr><td>Жаңа сабақ</td><td>1.Мәтінмен жұмыс. Зерттеу жұмысысы
1.1760 жылдары қазақ-орыс сауда байланыстарының кеңейгенін дәлелдеу.
2. Айырбас сауда
2. «ТТҰ кестесі»
<table>
<tr><td>Критерийлер</td><td>Тиімді тұстары</td><td>Тиімсіз тұстары</td><td>Ұсыныс</td></tr>
<tr><td>Қазақ-орыс сауда байланыстары</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table></td><td>Оқушылар өз жауаптарын береді;
Кестемен жұмыстанады.</td><td>Оқушылар өзін-өзі бағалайды
«Барма қпен»</td><td>Ақпараттық мәтін
Үлестірмелер</td></tr>
<tr><td>Қорытынды</td><td>Кері байланыс - «Шолиер» табақшасы
Бағалау критерийлері:
«Сабақ өте ұнады, толық түсіндім» - жасыл
«Сабақ ұнады, түсіндім, 1-2 сұрағым бар» - сары
«Сабақ қиындық келтірді, түсінбедім» -қызыл</td><td>Тақырып бойынша не білгендерін жазады.</td><td>сабақтағы өз әрекетіне рефлексия</td><td></td></tr>
</table>

Қысқа мерзімді жоспар - 21

<table>
<tr><td>Күні:</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>Сынып:</td><td>Қатысушылар саны:</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың</td><td colspan="2">Патшалы Ресейдің жер мәселесіндегі отаршылдық саясаты</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td>тақырыбы</td><td></td></tr>
<tr><td>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары</td><td>Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау</td></tr>
<tr><td>Сабақ мақсаты</td><td>Ресейдің отаршылдық саясатына өзіндік баға береді</td></tr>
</table>

Сабақтың барысы

<table>
<tr><th>Сабақтың кезеңі/ уақыт</th><th>Педагогтің әрекеті</th><th>Оқушының әрекеті</th><th>Бағалау</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Ұйымдастыру кезеңі</td><td>Ұйымдастыру сәті. Ой шақыру. Тақырыпқа шығу.
Карта көрсету арқылы білім алушылардан болжау жауаптары арқылы анықталады.

</td><td>Берілген суреттерге қатысты не білетіндерін ортаға салу.</td><td>мадақтау</td><td></td></tr>
<tr><td>Жаңа сабақ</td><td>Мәтінмен жұмыс
1. Жер мәселесіндегі отаршылдық саясаты..
2. Мал жаюға тиым салынған аймақтар..
«Концетуалды кесте»
<table>
<tr><th>Патшалы Ресей</th><th>Салыстыру сызығы</th><th>Қазақ хандығы</th></tr>
<tr><td></td><td>Мемлекет билеушілері</td><td></td></tr>
<tr><td></td><td>Жүргізген саясаты</td><td></td></tr>
<tr><td></td><td>Нәтижесі</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3"></td></tr>
</table></td><td>Оқушылар өз жауаптарын береді;

Кестемен жұмыстанады.
Ресей империясының Қазақстанды өзықпалына алу себептерін жазады</td><td>Оқушылар өзін-өзі бағалайды

«Ең үздік жауап»</td><td>Ақпараттық мәтін https://youtu.be/DWs6uYRdHZQ

Суреттер Тірек-сызбалар Кесте Карта</td></tr>
<tr><td>Қорытынды</td><td>Кері байланыс
ҮЛКЕН ШЕҢБЕР» ТӘСІЛІ
Бүгін не білдіңіз?</td><td>Тақырып бойынша не</td><td>сабақтағы өз әрекеті</td><td></td></tr>
</table>

	Сіз үшін не жаңалық болды? Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз? Сабақта қандай қиындықтар туындады?	білгендерін жазады.	не рефлексия	

Қысқа мерзімді жоспар - 22

Күні:		
Сынып:	**Қатысушылар саны:**	**Қатыспағандар саны:**
Сабақтың тақырыбы	Абылай хан кезіндегі қазақ хандығы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;	
Сабақ мақсаты	Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын түсіндіреді. Абылай ханның тұлғалық қасиетін тарихи дерек көздерін пайдалану арқылы жіктейді	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	**Өткен материалды еске түсіру. Ой шақыру. Тақырыпқа шығу.**  Суретте кім бейнеленген? Бейнекөріністе анализ жасау.	Берілген суреттерге қатысты не білетіндерін ортаға салу.	мадақтау	https://yandex.kz/video/preview/2643886814367757924
Жаңа сабақ	**1-тапсырма. Жаңа ұғымдармен жұмыс. «Ұғымдардың мағынасын табайық»**	Оқушылар өз	Мұғалім	

	Сабақ барысында кездесетін жаңа ұғымдардың мағынасын оқушылардың алдын-ала түсінуіне жағдай жасалады.Алдымен тақтаға жаңа ұғымдар мен сөз тіркестері («бытыраңқылық», «үш жүздің басын қосу», «орталықтанған мемлекет») жазылған карточкалар ілініп,оларды белгілі бір тарихи оқиғамен сабақтастырып, берілген сөздердің мағынасын ашу сұралады. Сонан соң топтарға жаңа сөздердің мағынасы жазылған карточкалар таратылып, оларды тақтадағы жаңа ұғымдардың атауларымен сәйкестендіру тапсырылады. 1 Бытыраңқылық — a Орталықмбиліктің әлсіреп, үш ж бөлініп кетуі 2 Үш жүздің басын қосу — b Қазақ хандығының аумағының бірігуі 3 Орталықтанған мемлекет — c Мемлекеттегі бил жоғары билеу қолына берілуі **2-тапсырма. «Ақпаратты бөлісейік»** **Мәтінмен жұмыс** Абылай ханның өмірі туралы мәтіндер таратылады. Оқушылар мәтін мазмұнын оқып, топ ішінде талқылайды.Әр топ Абылай хан өмірінің әр кезеңіндегі өмірдерегі туралы игерген ақпаратты сыныптастарымен бөлісу үшін сынып алдында қорғайды. 1- Бала Әбілмансұр; 2-. Сабалақ батыр; 3-. Абылай хан; «Тарихи диктант» әдісі **«Тарихи диктант»** Абылайдың аты халық арасында ..... жасында-ақ кеңінен танымал болды. ..... ханның әскери жасағына кірген ол бір шайқастың кезінде « .....» ұран тастап, Жоңғар қалмақтарының атақты батыры ..... жекпе-жек ұрыс үстінде өлтіреді.	жауапт арын береді; Кестем ен жұмыс танады . Оқушы лар бір-біріне қосым ша сұрақт ар, қойып, бір-бірін толықтырады	оқуш ылар жауа бын мұқи ят тынд ап кері байла ныс беріп отыра ды «Ең үздік жауа п» «Ала қан-жұды рық» ҚБ «Өзін -өзі бағал ау»	Ақп ара тты қ мәт ін Үле стір Сур етт ер Тір ек-сыз бал ар Кес те Кар та
Қорытынды	**Кері байланыс** – «Бес саусақ» «Басбармақ» - Бүгін менің білгенім...	Тақыр ып	сабақт ағы өз	

	«Балаң үйрек» - Маған қызықты болды... «Ортан терек» - Маған қиын болды... «Шылдыр шүмек» - Мен түсіндім... «Кішкене бөбек» - Енді мен істей аламын...	бойынша не білгендерін жазады	әрекетіне рефлексия	

Қысқа мерзімді жоспар - 23

Күні:				
Сынып:	**Қатысушылар саны:**		**Қатыспағандар саны:**	
Сабақтың тақырыбы	Кіші жүз және Орта жүз қазақтарының шаруалар соғысына қатысуы			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау			
Сабақ мақсаты	Бұл сабақ арқылы оқушылар кіші және орта жүз қазақтарының шаруалар соғысына қатысу себеп-салдарын анықтайды			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	Өткен материалмен байланыстыру. Қызығушылықты ояту. «Миға шабуыл» Сұрақ: -Ресей империясы Қазақстанды отарлау барысында қандай әдістерді қолданды? -Бұл әрекеттер жергілікті халыққа қалай әсер етуі мүмкін? Оқушылардың болжам жауаптары тыңдалып, сабақ тақырыбы анықталады. Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты мен бағалау критерийлері таныстырылады.	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу	мадақтау	
Жаңа сабақ	**1. тапсырма. «Кемпірқосақ» тапсырмасы** бойынша шаруалардың соғысқа қатысуы туралы мәтін таратылады. 1.Е.Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне қазақтардың да қатысуының себептері. 2.Қазақтардың көтеріліске қатыса бастуаына түрткі болған себеп.	Оқушылар өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында	Оқушылар өзін-өзі бағалайды	Ақпараттық мәтін Суреттер Тірек-сызбалар Карта

<table>
<tr><td></td><td>3.Қазақ жастарының шаруалар көтерілісі жеңілгеннен кейінгі соғыс қимылдары.
4.Көтерілістің жеңілу себептері мен салдарлары.
5.Қазақтардың шаруалар көтерілісіне қатысуының тарихи маңызы.
Оқушыларға «Кемпірқосақ» тапсырмасы бойынша игерген білімдері мен дағдыларын талдап, тапсырманы орындайды.
2 Тапсырма
«Толықтыру кестесі» әдісі
<table><tr><th>Жылдар</th><th>Оқиғалар</th></tr><tr><td>1756 ж</td><td></td></tr><tr><td></td><td>Орынборды қоршауға 200жуық қазақ белсенді қатысты.</td></tr><tr><td>1774 ж</td><td></td></tr><tr><td></td><td>Сібір шептеріне шабуыл жасаған қазақтар патша әскерінің қысымымен Сырдария бойына ауып кетеді.</td></tr></table></td><td>қорғайды.
Оқушылар бір-біріне қосымша сұрақтар, қойып, бір-бірін толықтырады</td><td>«Бармақпен»</td><td></td></tr>
<tr><td>Қорытынды</td><td>Кері байланыс- «Мұғалімге хат» әдісі
Бүгінгі сабақтан алған әсерлері туралы
Шағын хат жазады.</td><td>Тақырып бойынша не білгендерін жазады</td><td>сабақтағы өз әрекетіне рефлексия</td><td></td></tr>
</table>

Қысқа мерзімді жоспар - 24

Күні:		
Сынып:	**Қатысушылар саны:**	**Қатыспағандар саны:**
Сабақтың тақырыбы	Сырым Датұлы бастаған көтеріліс	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау	
Сабақ мақсаты	Сырым Датұлы бастаған ұлт – азаттық көтерілістің себеп-салдарымен анықтайды	
Сабақтың барысы		

<table>
<tr><th>Сабақтың кезеңі/ уақыт</th><th>Педагогтің әрекеті</th><th>Оқушының әрекеті</th><th>Бағалау</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Ұйымдастыру кезеңі</td><td>Тақтаға «Сырым Датұлы» сөзін шығарып, оқушылардың осы жазбаға қатысты пікірлерін тыңдаңыз.

.</td><td>Оқушылар өз ойларын ортаға салады. бүкіл сыныптық талқылау арқылы тақырыпқа шығады</td><td>мадақтау</td><td></td></tr>
<tr><td>Жаңа сабақ</td><td>Зерттеу сұрақтары:
С. Датұлы қазақтардың қандай құқықтарын қорғауды көздеді?
Жаңа ұғымдармен жұмыс.
Отар, отарлау, ұлт-азаттық қозғалыс ұғымының мәні түсіндіріледі.
1-тапсырма. Бейнематериалмен жұмыс.
Бейнематерал тыңдалады. (Сырым батыр (KZ). Деректі фильмі.,5.20-11.37 мин аралығы) Топтағы оқушылар жұптасады, жұптар бейнематериал мазмұнын тыңдай отырып, кестені толтырады.
<table>
<tr><td>Тұлғаға мінездеме</td><td></td></tr>
<tr><td>С.Датұлы генерал-губернатор Петлинге жазған хатында не айтты? Неге олай жазды?</td><td></td></tr>
<tr><td>Ұлт-азаттық қозғалыстың басталуына қандай оқиға себеп болды?</td><td></td></tr>
</table>
2-тапсырма Мәтінмен жұмыс.
Оқушыларға мәтін таратылады, мәтіндегі ақпарат негізінде Сырым бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісінің ерекшілігі мен жүру барысын анықтайды.
-Көтеріліс себептері</td><td>Оқушылар өз жауаптарын береді;

Кестемен жұмыстанады.

Көтерілістің себептерін, мақсатын, қозғаушы күштерін, уақытын, көтеріліс басшысын атайды</td><td>Оқушылар өзін-өзі бағалайды

«Алақан-жұдырық»</td><td>Сырым батыр (KZ). Деректі фильмі. (0.43-2.24. мин)

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінгі дейін). Бес томдық. III т. – Алматы: «Атамұра», 2010 ж., 220-234 бб.

Ақпарттық мәтін</td></tr>
</table>

	-Көтерілістің бастауына түрткі болған жағдай -Көтеріліс мақсаты -Көтеріліс болған уақыт -Көтерілістің қозғаушы күштері - Көтеріліс басшысы			
Қорытынды	**Кері байланыс** Нені білдім? Нені үйрендім? Нені толық түсінбедім? Немен жұмысты жалғастыру қажет?	Тақырып бойынша не білгендерін жазады.	сабақтағы өз әрекетіне рефлексия	

Қысқа мерзімді жоспар - 25

Күні:				
Сынып:	**Қатысушылар саны:**		**Қатыспағандар саны:**	
Сабақтың тақырыбы	Сырым Датұлы бастаған көтеріліс			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру			
Сабақ мақсаты	Сырым Датұлы бастаған ұлт – азаттық көтерілістің себебін, барысын, нәтижесін талдайды			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі	**Өткен материалды пысықтау, жаңа материалмен байланыстыру.** «Күн шуақ »әдісі Оқушылар бір-біріне күннің шуағын ұсыну арқылы өткен тақырыптар бойынша бір сұрақ қояды.Алғашқы сұрақты мұғалім бағыттайды, оқушылар жалғастырады. 1. Көтеріліс қай жылдар аралығын қамтыды? 2. Көтеріліс болған территория?	Берілген суреттерге қатысты не білетіндерін ортаға салу.	мадақтау	
Жаңа сабақ	**1.Зерттеу жұмысы** 1. XVIII ғ аяғындағы қазақ хандығындағы саяси ахуал. 2.Көтерілістің алғышарттары	Оқушылар өз жауаптарын береді;	Оқушылар өзін-өзі	Ақпараттық мәтін

	Кесте толтыру. **«ПОПС» әдісі** 3-тапсырма: Сырым Датұлы көтерілісіне баға беріңдер. Менің ойымша, Сырым Датұлы көтерілісі Ресей империясының отаршылдық саясатын тежеуге маңызды орын алды ... Себебі 2 дәлел келтіру Мысалға, 1 мысал келтіру Қорытындылайды.	Кестемен жұмыстанады. Қорытынды ой түйін жасайды.	бағалайды «Барма қпен»	Үлестірмелер Тақырыптық кестелер Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінгі дейін). Бес томдық. III т. – Алматы: «Атамұра», 2010 ж., 220-234 бб.
Қорытынды	**Кері байланыс** Нені білдім? Нені үйрендім? Нені толық түсінбедім? Немен жұмысты жалғастыру қажет?	Тақырып бойынша не білгендерін жазады.	сабақтағы өз әрекетіне рефлексия	

	Себептері	шайқастары Нәтижесі Мен салдары
Сырым Датұлы көтерілісі		
Қорытынды		

Қысқа мерзімді жоспар - 26

Күні:		
Сынып:	**Қатысушылар саны:**	**Қатыспағандар саны:**
Сабақтың тақырыбы	Қазақстанда хандық биліктің жойылуы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	– Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру; – дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау	

<table>
<tr><td>Сабақ мақсаты</td><td colspan="4">Ұлы Далада хандық биліктің жойылуымен танысады</td></tr>
<tr><td colspan="5">Сабақтың барысы</td></tr>
<tr><td>Сабақтың кезеңі/ уақыт</td><td>Педагогтің әрекеті</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастыру кезеңі</td><td>Мұғалім қысқаша тақырыпты түсіндіреді. Видеоматериал көрсетіледі.</td><td>Видеоматериалға анализ жасап, білгендерін ортаға салады.</td><td>мадақтау</td><td>https://youtu.be/Ta8GbaGGXNk</td></tr>
<tr><td>Жаңа сабақ</td><td>Жаңа сөздермен жұмыс.
Тірек сөздер.
Дәстүрлі билік -қазақ хандығындағы хан билігі
Генерал-губернаторлық -Ресей империясының әкімшілік-территориялық бөлік
Жарғы -заңдар жинағы
Округ-әкімшілік-аумақтық бөлік атауы
Округтық приказ -мекеме
Дистанция- Кіші жүздегі әкімшілік-территориялық бөлік
Заседатель -Ресейлік шенеунік
Ішкі күзет -Сібір казактарынан құралған күзет.
1.Зерттеу мен талдау.
❖ Хандық биліктің жойылу себептерін анықтау.
❖ Ауыл, болыс, округ құрылымдарына схема жасау.
2."Оқы-түсін--жаз-тексер"әдісі бойынша кестемен жұмыс
<table><tr><td>«Сібір қырғыздарының» жарғысы</td><td>«Орынбор қырғыздарының жарғысы»</td></tr><tr><td colspan="2">Жарғы қабылданған жыл</td></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td colspan="2">Авторлары</td></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td colspan="2">Әкімшілік өзгерістер болған аймақтар</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table></td><td>Жаңа сөздерді біледі.

Оқушылар өз жауаптарын береді;

Кестемен жұмыс жасайды.

Жарғылардыңқабылданған жылдарын біледі;</td><td>Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады

«Бармақпен»</td><td>Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) 3-том. – Алматы, 2010.

Суреттер Тірек-сызбалар Кесте Карта</td></tr>
</table>

	Әкімшілік құрылым бөлшектері **3.Жеке жұмыс. Зерттеу сұрағы:** «Неліктен XX ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда әкімшілік реформалар жүргізілді?»	Әкімшілік реформалардың жүргізілу себептерін талдайды.		
Қорытынды	**Кері байланыс** Жалғастырыңыз: Маған ... қызықты болды Бұл ... қиындық туғызды Осы ... мені ойландырды	Тақырып бойынша не білгендерін жазады.	сабақтағы өз әрекетіне рефлексия	

Қысқа мерзімді жоспар - 27

Күні:				
Сынып:	**Қатысушылар саны:**		**Қатыспағандар саны:**	
Сабақтың тақырыбы	1812 жылғы Отан соғысына қазақтардың қатысуы			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Отан соғысына қолдау көрсеткен қазақтардың ерліктеріне баға беру.			
